

## **Ауыл шаруашылығының қажетіне арналған мұнай өнімдерін беріп тұру туралы**

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 12 шілде 1994 ж. N 780 Ескерту. Қаулыға қосымша ретінде Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің 21.07.1994 ж. N 286 өкімін қараңдар. ~R940286

Ауыл шаруашылығын мұнай өнімдерімен қамтамасыз етуде туындап отырған елеулі қиыншылықтарға байланысты Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі, "Астық" және "Мұнай өнімдері" мемлекеттік акционерлік компаниялары үстіміздегі жылы мұнай өнімдерін келісімді баға бойынша Қазақстан Республикасына беріп тұру, солар үшін шаруашылықтардың еркін қалдығынан сатып алынатын 2000 мың тонна мөлшеріндегі 1994 жылғы егіннің астығын өткізуден алынатын қаражат есебінен есеп айырысатын, оны франко-Қазақстан шекарасы бойынша жөнелту шартымен, беру мерзімдерін және астық пен мұнай өнімдері құны арақатынасының баламасын көздей отырып, "Либерти" ресейлік құрылықаралық компаниясымен контракт жасассын.

2. "Мұнай өнімдері" мемлекеттік акционерлік компаниясы "Астық" мемлекеттік акционерлік компаниясының аумақтық акционерлік компанияларымен келісілген Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі мен ауыл шаруашылығын басқарудың облыстық органдарының үлестіруі бойынша "Либерти" компаниясымен контракт бойынша сатып алынатын мұнай өнімдерін республиканың ауыл шаруашылығы кәсіпорындарына беріп тұруды, кейіннен олардың құнын, басқа берілімдер жөніндегі есеп айырысулардың жайына қарамастан, 1994 жылғы егіннің астығымен төлем жасауды жүзеге асырсын.

Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі, облыстардың әкімдері астық өндірушілер мен "Астық" және "Мұнай өнімдері" мемлекеттік акционерлік компанияларының кәсіпорындары арасында тиісті шарттар жасасылуын қамтамасыз етсін.

3. "Астық" мемлекеттік акционерлік компаниясы мұнай өнімдеріне төлем есебінде сатып алынған астықты "Либерти" компаниясымен контрактіде белгіленген мерзімде өткізуді қамтамасыз етсін және "Либерти" компаниясы арқылы мұнай өнімдерін сатып алуға пайдаланылған кредитті өтеуге Қазақ орталық акционерлік банкімен (Орталықбанк) шарт жасайтын болсын.

4. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне ішкі кредиттерді пайдалану және сыртқы кредиттерді тарту есебінен мұнай өнімдерін сатып алу жөніндегі Қазақстан Республикасы Үкіметінің міндеттемелері бойынша Қазақ Орталық банкіне

кепілдік беруге рұқсат етілсін. Орталық банкіне берілген мұнай өнімдері үшін "Либерти" компаниясына ол арқылы қаражат аудару жөнінде Мәскеу қаласындағы Орталық муниципалдық коммерциялық банкісімен келісім жасау ұсынылсын.

5. Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі үстіміздегі жылдың тамызынан бастап ай сайын "Либерти" компаниясы арқылы сатып алынатын мұнай өнімдері үшін Мәскеу қаласындағы Орталық муниципалдық коммерциялық банкімен есеп айырысуға арналған

орталықтандырылған кредит ресурстарын Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігіне бөлуді көздесін.

Қазақстандық банкаралық валюта биржасына аталған мақсат үшін теңгені шетел валютасына айналдыруды басым тәртіппен жүргізу ұсынылсын.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-министрі